

**БЕКІТЕМІН**

**«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»  
КММ директорының м.а.**

**Л. Кездіқбаева  
«2023 ж.» 2023 ж.**



**ШҚО колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттері  
арасында «Шыгармашылық шабыт» сәндік - қолданбалы шеберліктің  
облыстық конкурсын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

Өскемен қ., 2023 ж.

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ереже ШҚО колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБҚБ) студенттер арасында өтетін «Шығармашылық шабыт» сәндік-қолданбалы шеберлік конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізуудің үйымдастырушылық негіздері мен тәртібін реттейді, оның қатысуышыларына және Конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды белгілейді, материалдарды бағалау рәсімі мен өлшемшарттарын, женімпаздар мен жүлдегерлерді айқындау, сондай-ақ оларды марапаттау тәртібін айқындауды.

1.2. Конкурсты үйымдастырушылар – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ. Конкурс **2023 жылғы 25 мамырда** Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің базасында өткізіледі.

1.3. Конкурсты үйымдастырушы оны дайындауға және өткізуге басшылық жасауды, Конкурс туралы ережені, оның толықтырулары мен өзгерістерін бекітуді, Конкурс іс-шараларының бағдарламасын әзірлеуді, кәсіби қазылар алқасының құрамын бекітуді, Конкурс жұмысын жоспарлау мен үйлестіруді, Конкурс қорытындысын шығаруға қатысады жүзеге асырады.

1.4. Конкурс қатысуышылары - ШҚО колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылары болып табылады.

## **2. МАҢСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Маңсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастардың шығармашылық іс-әрекетінің эмоционалды-жағымды фонын құру.

### **2.2. Міндеттері:**

- ЕБҚБ студенттерінің шығармашылық қабілеттерін анықтау және олардың қоғамға белсенді интеграциялануына, адамдардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету;
- қоғамда ЕБҚБ адамдарға төзімділікті тәрбиелеу.

## **3. ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

3.1. Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі: сәндік-қолданбалы өнер (авторлық жұмыстар):

- көркем тоқыма (көрпе тігу, мата аппликациясы, тоқу, мата ғұлдері);
- көркем кесте (лентамен кесте, кілем, крестпен кесте);
- матаға көркем сурет салу (батик);
- ағашты көркем өндіу (ағаш ою, қайың қабығын, жұзімді өндіу);
- моншақ тоқу;
- тоқу және шілтер тоқу;
- дәстүрлі емес материалдардан жасалған бұйымдар (декупаж, т. б.);
- ағашка сурет салу;
- кескіндеме және сурет салу.

3.2. Өткізу мерзімі - **25 мамыр 2023 жыл.**

3.3. Қатысу үшін өтінімді **ағымдағы жылғы 22 мамырға дейінгі** мерзімде 1-қосымшаға сәйкес «Шығармашылық шабыт» конкурсы деген белгісімен [metod@tipo-vko.edu.kz](mailto:metod@tipo-vko.edu.kz) электрондық мекенжайына жолдау қажет.

3.4. Жұмыстарды ресімдеу - төменгі оң жақ бүрышта нысан бойынша толтырылған (жұмыс атаяу, аты-жөні, оку орны) өлшемі 8\*4 жапсырма орналастырылады.

3.5. Жұмыстар **ағымдағы жылдың 22 мамырына** дейін ШҚО, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 21, 5 қабат мекенжайы бойынша ШҚО кәсіптік білім беру орталығына қолма - қол жеткізіледі (әдістемелік бөлім).

#### 4. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРИ

Жұмысты бағалау кезінде әр критерий үшін **0-5 балл** есептеледі:

- өзіндік ерекшелігі;
- стандартты емес;
- материалды берудегі жаңалық;
- шығармашылық;
- техниканы сақтау;
- эстетикалық.

#### 4. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

Қорытындылар әр номинация бойынша шығарылады, үш жүлделі орын анықталады (I, II, III). Әр номинация бойынша үздік жұмыстардың авторлары мен жетекшілері ШҚО кәсіптік білім беру орталығының дипломдармен марапатталады.

Қатысушыларға сертификаттар беріледі. Конкурс қорытындысы ШҚО ББ және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайттарында орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8/7232/ 700-590

ШҚО кәсіптік білім беру орталығының білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу болімінің әдіскерлері:

Шакерова Алия Кусайнгазиевна – 8 771 549 94 00.

Кадирова Лензат Сериккановна – 8 771 752 21 66.

Ибатулдаева Айнұр Санатбекқызы – 8 708 332 86 42.

## Отінім нысаны

№	Оқу орнының атауы	Студенттің, жетекшінің аты-жоні (тольк)	Байланыс телефоны, e-mail	Жұмыстың атауы мен түрі

Директор \_\_\_\_\_

М.О

